

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Өрт- тілсіз жау» ертегісі

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/25467/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жанбырбаева Эльмира

Мақсаты: Қауіпсіздік ережесімен таныстыру, отпен, сіріңкемен ойнамауға үйрету. Өттың адам өміріндегі маңыздын, пайдасын, пайда болу жолын ұғындыру, сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Балаларды оттан сақтандырудың жолдарын, өрттің табтғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отпып, сіріңке, т.б қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

тәрбиеші: Сәлеметсіздерме? Құрметті ата- аналар, қонақтар, балалар. Біздің бүгінгі ашық есік күніне қош келдіңіздер!

Ашық есік күнінің тақырыбы «Өрт тілсіз жау» жалпы «от» деген сөзді қалай түсінесіздер? От- өмірімізге жылу беріп, бойымызды жылытады. От- өмір сәні, отсыз тіршілік жоқ. Отты дұрыс пайдаланбасақ «от пен ойнама, үйерсің» дегендей зиянды жақтары да бар. Сіріңкені ұстауға болмайды, отты дұрыс пайдаланбасақ өрт шығуы мүмкін. Сондықтан оте сақ болуымыз керек

Шаттық шеңберіне тұрады.

Ертнгілер еліне, қонақ болып барайық,

Үлкен кіші бәріне амандасып алайық,

Киіпкерлер тапсырмасын орындап біз жанайық

- Ал енді балалар бәріміз орманға саяхатқа шығайық, орманға қандай көлікпен барғыларың келеді? (балалар автобуспен) жарайды, автобуспен орманға

саяхатқа шығады, келіп балаларкім орман туралы ертегі біледі Амина, апай мен «ормандағы өрт» ертегісін айтып берейінші ал, ендеше осы ертегіні тыңдап сахналап көрейікші.

Автор: -Ерте, ерте, ерте де орманда бір үйшік болыпты. Сол үйшікте қоян көжектерімен өмір сүріпті. Үйінде тамағы таусылған қоян орманға тамақ әкелуге шығады, шығарда көжектерін шақырып...

Қоян: — Көжектерім, мен орманға тамақ әкелуге кетемін. Сендер үйді шашпаңдар, тентек болмаңдар, ошаққа жақындамаңдар, сіріңкемен ойнамаңдар- деп ескертіп шығып кетеді.

«Қояндар биі»

Көжектер ойнап отырады, сол кезде кішкентай көжек ағасына қарап «Менің қарным ашты, маған тамақ беріндер»- деп жылайды.

Ортаншы қоян «Анамыз айтты отқа жақындамаңдар деп»

Үлкен көжек мен тамақ пісіре аламын деп сіріңкені тартып қалады. Сіріңке жерге түседі. От шығады.

Би: От

Түлкі келеді: Менің қарным ашты көжектер қайда екен, қатты қарным ашты-дейді. (қарнын сипап отқа қарайды)

Бұл өрт қой, қой мен кетейін бекер келген екенмін деп шығып кетеді.

Көжектердің даусы шығады. «Көмектесіңдер, көмектесіңдер» — деп айқайлайды.

Қасқыр -Бұл не шу? Бұл не айқай? Менің ұйқымнан оятқан кім? Отты көріп, бұл қоянның үйшігі ғой, қоян қайда екен? Үйшіктің ішінде көжектері бар сияқты, Мен көмекке 101 ге қоңырау соғайын- деп қоңырау соғады.

— Алло көмектесіңдер! Орманда қоянның үйшігінен өрт шығып жатыр, тез келіңдер көмектесіңдер — дейді.

«Қоян, қоян қайдасың»- деп шығып кетеді.

Бақалар билеп кіреді, билеп болған соң, қолдарындағы шелектегі суды отқа құяды.

Бақа: — Көжектер, отпен ойнамаңдар. Ол өте қауіпті. От тілсіз жау. Үлкендердің айтқанын тыңдаңдар.

Қоян келеді. -Балаларым сендерге не болды? Мен қорқып кеттім ғой. Мен сендерге ескерттім ғой сіріңкемен ойнамаң деп. Ең бастысы сендер аман-сау екенсіңдер. Енді бұлай ойнамаңдар. Бұл істегендеріңді қайталамаңдар.

Автор: Осымен ертегіміз аяқталды деп, ертегі кейіпкерлерімен таныстырады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.